

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

29.12.2023 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Шылмамбетов Саян – Философия кафедрасының аға оқытушы

Комиссия мүшелері:

Қыпшақбаев Нұрперзент-Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Камалова Фериде - Дінтану кафедрасының меңгерушісі

Шауенов Дидар – Теология кафедрасының меңгерушісі

Бейсенов Айбек - Дінтану кафедрасы, аға оқытушы

Тілекеева Балайым- Дінтану кафедрасы, магистр оқытушы

Назбекова Салтанат- Дінтану кафедрасы, оқытушы, академиялық комитет төрайымы

Усаинова Ақмоншақ - Теология кафедрасы, аға оқытушы

Букенова Жаухар - факультет әдіскері

Ибадулла Ысқақ- теология кафедрасының магистр оқытушысы

Алибек Алия Бауыржанқызы - 6В02228 Дінтану- мамандығының студенті

Қиянбекова Айдын-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Қатыспағандар: -**Шақырылғандар:** Т.Жаздықбаева – Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының жетекші маманы**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Университет инфрақұрылымдары (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтау.
2. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау.
3. ББ 2023-2024 оқу жылы еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау.
4. Желтоқсан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

1. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы **С.Шылмамбетов** сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кафедралардың материалдық әлеуетін қарастырды. Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін факультетке қарасты аудиториялар толық жеткілікті. Компьютерлік сыныптар толық жабдықталған. Білім алушыларды оқу аудиториясымен толық қамтамасыз ету жолға қойылған. Факультетке қарасты аудиториялардың барлығында қауіпсіздік ережелері ілінген. Аудиториялар қалыпты температурада деп айтуға болады. Факультет білім алушылары үшін кітапхана, спорт зал және асханаға қол жетімді.

ШЕШІМ: Факультет құрамындағы аудиториялар мен техникалық жабдықтау қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы **С.Шылмамбетов** ББ бойынша оқу-тәжірибе, өндірістік, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау туралы сөз қозғады:

2023-2024 оқу жылында Философия, Дінтану және Теология кафедраларында бакалавр білім алушылар үшін оқу тәжірибе, өндірістік практика I, өндірістік практика II, өндірістік практика III, диплом алды практика, ал магистратура үшін зерттеу практика II және педагогикалық практика жоспарланған.

Білімгерлердің уақытылы әрі сапалы түрде практикадан өтуі үнемі қадағалануы қамтамасыз етіледі. Практика барысында жинақтаған материалдарды пайдалана отырып білімгерлер презентация дайындайды. Өндірістік практика барысы бойынша жалпы қорытынды жасап, қажетті материалдардың барлығын жеке практика папкаларына тіркейді.

Магистранттар зерттеу және педагогикалық практикадан өтеді. Зерттеу практиканың өтетін базасы университетіміздегі «Ясауитану» ғылыми-зерттеу институты, ал педагогикалық практиканы кафедрада өтеді. Педагогикалық практикадан өту барысында магистранттар I, II курс дінтану, теология білім беру бағдарламасының білімгерлеріне сабақ өтіп, қажетті материалдарды жинақтаумен айналысады және студенттермен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Педагогикалық практика магистранттардың теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, педагогикалық біліктері мен шеберліктерін тәжірибе жүзінде жинақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, магистранттар практика бойынша есебін беріп, оның нәтижесі portal.ayu.edu базасына қойылатын болады.

Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының жетекші маманы Т.Жаздықбаева сөз алып 2023-2024 оқу жылындағы практика бағдарламалары талапқа сай жасалып, бекітілу керек екенін айтты. Бағдарламалар міндетті түрде жұмыс берушілердің келісімімен жасалады. Бағдарламада бағалау критерийлері нақты көрсетілу керек. Сонымен қатар бағдарлама негізінде жұмыс берушімен келісілген жоспар-кесте талапқа сай кем дегенде бір ай бұрын жасалып қойылады.

Комиссия мүшесі Д.Шауенов: 2023-2024 оқу жылы факультеттегі практикалардың барлығы оқу жоспар бойынша көктемгі семестрде жоспарланған. Факультетке қарасты ББ бойынша өтілетін практикалардың бағдарламалары қайтадан толықтырып бекітілген. Әсіресе өндірістік практика III бойынша білім алушылардың қай мекемеге практикаға жіберілетіні нақтыланып осы бойынша жоспар-кесте жасалынған.

Шешім: Факультеттегі оқу-тәжірибе, өндірістік, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы С.Шылмамбетов сөз алып былтырғы оқу жылы факультетке қарасты ББ еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатыспады. Ағымдағы оқу жылында рейтингке қатысу бойынша жоспарлауға мүмкіндік бар. Білім беру бағдарламалары еліміздегі оқу бағдарламаларымен сәйкестігі талданды.

Шешім: 2023-2024 оқу жылында факультетке қарасты ББ еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысуы қарастырылсын.

4. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы С.Шылмамбетов: 2023-2024 оқу жылының желтоқсан айындағы қарастырылған мәселелерді қорытындылайтын болсақ оларды төмендегідей баяндауға болады: Факультет құрамындағы аудиториялар мен техникалық жабдықтау қанағаттанарлық деп айтуға болады. 2023-2024 оқу жылындағы практика бағдарламалары талапқа сай, жұмыс берушілердің келісімімен жасалынған. Бағдарламада бағалау критерийлері нақты көрсетілген. Сонымен қатар бағдарлама негізінде жұмыс берушімен келісілген жоспар-кесте талапқа сай жасалған. Осы оқу жылында ББ рейтингке қатысу бойынша жоспарлауға мүмкіндік бар.


Шешім: Желтоқсан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Мәжіліс төрағасы:



С.Шылмамбетов

Мәжіліс хатшысы:



Ы.Ибадулла